

12 дәріс. Ресей музейлері

Мақсаты: студенттерге Ресей музейлерінің тарихы, олардың әлем мәдениетіндегі алатын орны туралы оқытып үйрету болып табылады.

Дәрістің жоспары:

1. Санкт-Петербург музейлері. Эрмитаж. Ресей ғылым академиясының Азия музейі. Кунскамера
2. Мәскеу музейлері. Мемлекеттік Третьяков галереясы, А.С. Пушкин атындағы көркемсурет музейі

Кілт сөздер: Кунскамера, Эрмитаж, Третьяков галереясы, музеология, музейтану, көркемсурет, галерея, ЮНЕСКО, ICOM

Санкт-Петербург. Эрмитаж – Ресейдегі және дүниежүзіндегі ең ірі көркемсурет және тарихи-мәдени музей. Санкт-Петербург қаласында 1764 жылы Екатерина II-нің (көптеген көркем шығармаларды сатып алған) жеке қоры негізінде ұйымдастырылған. Екатерина II алғашқы коллекциясын Пруссия королы Фридрих II-ден жеті жылғы соғыстан соң иеленген. 225 картинадан тұратын коллекция құрамында Франс Хальцтың, Ян Стеннің жұмыстары болған. 1769 жылы Генрих Брюльдің 600-ден астам картинадан тұратын коллекциясы (Рембрандт, Рубенс, Пуссен, Ватто, Рейсдаль, т.б.), 1772 жылы Парижден банкир Пьер Кроза коллекциясы (Джорджоне, Тициан, Рембрандт, Веронез, Ван Дейн, т.б.), 1779 жылы сэр Роберт Уолпол коллекциясы (С.Роза, Г.Рени, Джордано, Мурильо, Рембрандт, т.б.), 1781 жылы граф Бодуэн коллекциясы (Рембрандт, Рейсдаль, Ван Дейн, Остад, Кіші Тенирс, т.б.), 1787 жылы Британ банкісінің директоры Джон Лайд-Браун коллекциясы (300-ден аса мүсін, археологиялық ескерткіштер) сатып алынды. 1852 жылы Эрмитажды көпшіліктің көруіне рұқсат берілді. XX ғасырдың 20 – 30-жылдары музей қайта жинақталып, экспонат саны арта түсті. Эрмитажда алғашқы қауымдық құрылыс кезіндегі және ежелгі шығыс (Ежелгі Мысыр мен Урарту өнерінің туындылары), көне, орта ғасыр өнері (Орталық Азия, Иран, Қытай мен Үндістанның өнер шығармалары) ескерткіштері, ежелгі грек алтын бұйымдары, грек амфорлары, римдік мрамор мүсіндер, антикалық гемдер молынан жинақталған. Эрмитаждағы ежелгі скиф және Солтүстік Қара теңіз жағалауынан табылған көне ескерткіштер аса құнды бағаланады. Батыс Еуропа өнері туындыларынан Рафаэль, Леонардо да Винчи, Микеланджело, Джорджоне, Тициан, Веласкес шығармалары, Рембрандт пен Рубенстің ең үздік полотнолары, XVII-XVIII ғасырлардағы француз және XVIII ғасырдағы ағылшын кескіндемелерінің коллекциясы сақталған. Мұнда нумизматикалық коллекциялар, сән және қолданбалы өнер туындылары, суреттер (40000 дана) мен гравюралардың (500000 дана) бай қоры жинақталған. Эрмитаж әлемдік сәндік-қолданбалы өнердің озық үлгілерін, атап айтқанда Давид Рентген мен Шарль Буль жиһаздарын, Джозайи Верджвуда керамикасын, Севр фарфорын, венециан шынысын, итальян майоликасын экспозициялауда. «Рыцарлар залында» XV-XVIII ғасырлардағы саятын әскери қару-жарақтар қойылған. 1941 жылдан орыс мәдениетінің тарихы бөлімі жұмыс істейді. Музей ғылыми және мәдени-ағарту жұмыстарын жүргізіп, нәтижелерін ғылыми айналымға

ендіріп отырады. Реставрация шеберханасы, лекция залдары, рентген бөлмесі, кітапхана, фототека, т.б. жұмыс істейді. Эрмитаж ғимараты әр жылдары салынған әйгілі архитектуралық ансамбль құрамын (Қысқы сарай, Театр, т.б.) толықтырады. 1939 жылдан Эрмитажда Түркістандағы алып қазан сақталып келді, ол 1989 жылы қайтарылып, Қожа Ахмет Яссауи мешіт-кесенесіндегі бұрынғы өз орнына қайта қойылды. Эрмитаж экспонаттарының жалпы саны 3000000 бірлікті құрайды.

Санкт-Петербург. Ресей ғылым академиясының Азия музейі — ғылыми-зерттеу мекемесі, шығыс тілдеріндегі қолжазбалар жинағы мен шығыстануға қатысты кітапхана қоры қызметін қоса атқаратын мекеме. 1818 жылы қарашада Санкт-Петербург қаласында Ресей ҒА жанынан ұйымдастырылды. Алғашқы коллекциясы Петр I уақытынан бері жинақталған шығыс теңгелері, қолжазбалары, т.б. ескерткіштер болды. Музей Ресейдегі шығыстану бойынша жинақталған қолжазбалар мен кітаптардың ең үлкен қорын сақтау орнына айналды. Онда Б.А. Дорн, С.Ф. Ольденбург, В.В. Бартольд, И.Ю. Крачковский, В.М. Алексеев, т.б. танымал шығыстанушылар жұмыс істеді. 1917 жылға қарай музей кітапханаға айналды. 1930 жылы РҒА Азия музейі мен басқа да шығыстану саласы бойынша жұмыс істейтін мекемелер негізінде КСРО ҒА Шығыстану институты құрылды.

Санкт-Петербург. Кунскамера (немістің *Kunstkammer* - куншткамер, сирек кабинет, музей) сирек кездесін заттар кабинеті, негізін Петр I қалаған Ресейдегі тұңғыш музей, қазіргі таңда Ресей Ғылым академиясының Ұлы Петр атындағы антропология және этнография музейі. Музей қорының негізін сирек кездесетін анатомиялық және анамалиялық құбылыстар коллекциясы және халықтардың тарихы мен тұрмысынан хабар беретін көне бұйымдар, этнографиялық бұйымдар коллекциясы құрайды.

Кунскамера ғимараты 1714-1728 жылдары архитекторлар Г.И. Маттарнови, одан кейін Н. Гербель, Г. Киавери, М.Г. Земцов жобаларымен салынған XVIII ғ. бас кезіндегі сәулет өнерінің ескерткіші. Ғимарат аса шеберлікпен, ұқыптылықпен салынған, бүгінгі күнге дейін күрделі жөндеусіз жеткен. Шығыс бөлігінде музей коллекциясы, орталық бөлігінде Анатомиялық театр, мұнарада Готтопский глобусы (1754 жылдан Үлкен Академиялық), батыс бөлігінде Ғылым Академиясы орналасқан.

Кунскамера бөлімдері:

Антропология және археология. Алғашқы адамдар эволюциясы.

Солтүстік Америка. Континенттің байырғы тұрғындары эскимос, аллеут, үнділердің дәстүрлі мәдениеті мен тұрмысының коллекциясы. Композиция: шаманның емдеуі, жаңбыр шақыру ритуальды биі.

Оңтүстік және Орталық Америка. Ботокут, бороро, мундуруку, апиака, араукандар, Мексика және Шингу өзені өңірі үнділері, Венесуэла савандары.

Жапония. Жапондықтар мен айналардың тұрмысы мен мәдениеті. Арал тұрғындарының балықшылық кәсібі, құралдары. Самурай қару-жарағы.

Африка. Сахараның оңтүстігіндегі Африка тұрғындарының тарихы мен тұрмысы. Еңбек құралдары, ағаш және сүйек бұйымдар.

Қытай және Моңғолия. Қытайда тұратын 50 ден астам халықтың тұрмысы мен мәдениетінің негізгі көріністері. Фарфорлар, эмальдар, асыл тастар, ағаш және сүйек бұйымдар. Моңғол киіз үйі, моңғол киімдері, ат әбзелдері.

Индия және Индонезия. Оңтүстік Азия тұрғындарының ағашқа бедер салған бұйымдары, маскалар, салтанатты костюмдер, марионеткалар театры қуыршақтары. Театр материалдары. Қанжарлар.

Австралия және Мұхит аралдары. Аңшылар мен терімшілердің еңбек құралдары.

Анатомия бөлімі. Жаратылыстың сирек құбылыстары, құбыжық адамдар, сиреномелия, сиам егіздері, құбыжық жануарлар.

Кунскамера тарихы және XVIII ғасыр орыс ғылымы тарихы. «М.В. Ломоносов музейі», «Петербург Ғылым академиясының отырыс залы (Конференц зал)» - Ресей тұңғыш ғылыми мекемесінің қызметі мен М.В. Ломоносовтың өмірі мен қызметіне арналған, «Ғылым Академиясының астрономиялық обсерваториясы», «Үлкен Готторпский Глобус-Планетарии» - Кунскамераның алғашқы кезеңінің тарихына, Ғылым академиясының Астрономиялық обсерваториясының уақыт есептеу қызметіне арналған.

Сондай-ақ, Таяу Шығыс халықтары, Орта Азия халықтары, Корейлер, Вьетнам халықтары бөлімдері жұмыс жасайды.

Анатомия бөлімінің қалыптасуы, сирек кездесетін құбылыстардың экспозициялануы

Кунскамера – сирек кездесетін кабинеттердің алғашқысын 1553 жылы Қасиетті Рим империясының императоры Фердинанд I Венада «Габсбургтер Кунскамерасы» деген атпен құрған. Одан кейін 1560 жылы Август Саксонский Дрезденде, 1563-1578 жж Бавария герцогы Альбрехт V Мюнхенде, 1573 жылы Тирольский эрцгерцогы Фердинанд II Инсбургте Кунскамералар құрған. Фердинанд II әкесінің коллекциясын өз коллекциясымен біріктіріп Амбрас сарайына көшірген. Одан кейін Берлин, Штудгард, Кассель, Шлезвиг, Копенгагенде Кунскамералар ашылған. 1665 жылы голланд анатомы Фредерик Рюйш «анатомиялық театр» құрған.

Петр I 1697-1698 жылдары Голландия және Англияның ірі қалаларында болған. Петр I жүрек, бүйрек, ми т.б. адам ағзалары сақталған анатомия коллекциясы қатты қызықтырды. 1714 жылы ол Петербургте «сирек кездесетін кабинет» құрған. 1716 ж. Голландияға екінші сапарында дәрігер Альберт Себаның музей-кабинетіндегі анатомиялық коллекциясын 15000 гульденге, 1717 ж. голланд анатомы Фредерик Рюйштен анатомиялық кабинетін (200 000 экспонат) 30000 гульденге сатып алып, Петербургке әкелген. Петр I Ф.Рюйшпен 1798 жылы Голландияға барған сапарында танысып, оның дәрісін тыңдаған, препараттарын көрген. Спиртте сақталған анатомиялық заттардың тірі тәрізді әсерін көргенде таң қалған. Ф.Рюйштің 900 препараты осы күнге дейін еш өзгеріссіз жеткен. Петр I патша барлық анатомия коллекциясымен қатар, кітаптар, түрлі құралдар, қару-жарақтар, сирек кездесетін табиғат заттарын сатып алған.

Петр I Кунскамераға адамдар мен жануарлардан дүниеге келетін монстрларды коллекция үшін ғана емес, тератологиялық (грек сөзі *тератос* – құбыжық, *логос* – ғылым) ғылым үшін де жинауға және 1718 жылы құбыжықтардың пайда болу себебін ғылыми тұрғыда зерттеуге жарлық берген. Монстрлар ол кезеңде өте қымбат бағаланған. Өлі адам монстр – 10 рубль, жануар – 5 рубль, құс – 3 рубль; тірі адам монстр – 100 рубль, жануар – 15 рубль, құс – 7 рубль. РФА мұрағатында 1735-1751 жж аралығында жиналған қазір экспозицияға қойылмаған коллекциялардың суреттері сақталған. 1722 жылы Кунскамерада Фома Игнатев атты бойы 126 см, аяқ-қолдарында 2 башпай, 2 саусағы ғана бар, тірі монстр өмір сүрген.

Препараттар Анатомия театрында дайындалған, бұл жерде мәйіттерге сот-медициналық сараптама жасалған, алғашқы академиялық анатомдар жұмыс жасаған, мәйіт кесуге арналған стол зал орталығына қойылып, столды айнала амфитеатрда тыңдаушылар отырған. Анатомиялық театрда академик-анатомдардың дәрістері мен диспуттары тыңдалған. 1747 жылғы өрттен соң ғимаратқа жөндеу жасалып, театр ретіндегі қызметі тоқтатылған. Қазіргі таңда дөңгелек залда «Петрлік Кунскамераның анатомиялық және тератологиялық коллекциясы» экспозициясы жұмыс жасайды.

Музейде Ф.Рюйш коллекциясынан басқа тарихи, ғылыми, оқу материалы ретінде маңызы бар 200 тератологиялық препарат сақталған. Монстрлардың негізгі дені XVIII ғасырда жиналған, XIX ғасырда аз, ал XX ғасырда бірең-сараң ғана түскен. Егіз монстрлар коллекциясын академиктер К.Ф. Вольф (XVIII ғ.), К.М. Бэр (XIX ғ.), П.А. Загорский (XIX ғ.), К.З. Яцута (XX ғ.) зерттеген.

Құбыжықтардың пайда болуы жайлы Аристотель: «Құбыжық табиғатта кездесетін ерекше құбылыс», - дей отырып оның пайда болу себебін зерттеуге ден қойған. Ғылымның дәлелдеуі бойынша құбыжық ұрықтанған жұмыртқаның одан әрі дұрыс дамымауынан болады. Жатырдағы денеге ішіндегі судың жетіспеуі, не болмаса судың тым көп кетіп қалуы кері әсер етеді. Дамып келе жатқан организм үшін қоршаған ортаның химиялық құрамы, температура, механикалық қозғалыстың маңызы зор. Маңызды органдарда өзгеріс болған соң негізінен құбыжықтар ұзақ өмір сүрмейді, бірақ «біріккен егіздердің» ұзағырақ өмір сүргендері бар. Мысалы, 1811 жылы дүниеге келген «Сиам егіздері» Чанг пен Янг 1847 жылға дейін (63 жас) өмір сүрген.

Анатомиялық хирургияның жеңіл түрлеріне Ұлы Петрдің өзі де қатысқан, оның әртүрлі адамдардан жұлған тістері, қолданған медициналық және анатомиялық құралдары, өзі көзі тірісінде Липецк қаласында жасаған өзінің гипс маскасы, гипске қалдырған қол ізі музейде сақталған. Дөңгелек залдың қабырғаларына XVIII-XIX ғасырлардың басындағы Кунскамера экспозициясының суреттері салынған гравюралар қойылған.

Петр I-нің бойы 2 м 4 см болған, өзі де ұзын адамдарды ұнатқан. Ол 1717 жылы Францияның Кале қаласынан бойы 2 м 27 см болатын Буржуа атты ұзынтұраны алып келген, ол Ресейде 7 жыл тұрып қайтыс болған, оның сүйегі де музейде сақталған.

Мәскеу музейлері. Мемлекеттік Третьяков галереясы әлемдегі ірі өнер музейлерінің бірі. Музей қоры көпес Павел Третьяковтың 1856 жылдан бастап жинаған жеке коллекциясы негізінде қаланған. 1872 жылы Третьяков жинағында 500-ден аса картина болған. Осы жылдан өзі тұрған үйге жалғастырып музей залдарын салдырған, 1881 жылы көпшілік үшін ашылған. Галереяның қазіргі ғимараты 1902-1904 жылдары суретші Виктор Васнецов жобасымен салынған. Қазіргі таңда музей қорында ХІІ-ХХ ғасырлар аралығындағы орыс өнерін таныстыратын 100000-нан аса экспонат бар. Галерея экспозициясы ежелгі орыс икондарынан басталады. ХVІІІ-ХІХ ғасырлардың басындағы орыс өнерінен Иван Никитин, Федор Рокотов, Дмитрий Левицкий, Владимир Боровиковский жұмыстары экспозицияланған. Александр Иванов шығармашылығы жеке залға экспозицияланған. Музейде мүсіндер коллекциясы, акварельдер, сурет және миниатюралар экспозициясы жұмыс жасайды. Галереяның Мүсінші Анна Голубкиннің шеберханасы мемориалдық музейі, Виктор Васнецовтың музей-үйі, Академик суретші Аполлинария Васнецов мемориалдық музей-үйі, Павел Кориннің музей-үйі сияқты бірнеше филиалдары бар

А.С. Пушкин атындағы көркемсурет музейі әлемдегі ірі өнер музейлерінің бірі, ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейінгі өнер тарихын насихаттайды. Музей алғаш рет 1912 жылы Москва университеті жанынан өнер кабинеті ретінде ашылған. Экспонат саны 500 000 бірлікті құрайды. Музейде Ежелгі Египет орта және жаңа патшалық дәуірінің мүсіндері, саркофактары, фаюм портреттері, антикалық керамикалар, пластикалар, мүсіндер экспозицияланған. Картина галереясында византия мозайкалары, икондар, полотнолардың озық үлгілері, қайта өркендеу дәуірінің өнері, ХVІІ-ХVІІІ ғасырлардағы өнері туындылары қойылған. Графика қорында 400 000-нан аса жұмыс сақталған, олардың қатарында Альбрехт Дюрер, Питер Пауль Рубенс, Рембрандт, Пьер-Огюст Ренуар, Анри Матисс, Пабло Пикассо, Карл Брюллов, Александр Иванов, Владимир, Фаворский, Кацусик Хокусай жұмыстары бар.

Сұрақтар:

1. Эрмитаждағы жеке коллекционерлер мұралары.
2. Мемлекеттік Третьяков галереясының құрылымдары.
3. А.С.Пушкин атындағы көркемсурет музейінің негізгі бағыттары.

Әдебиеттер:

1. Воронихина Л. Государственный Эрмитаж, Л., 1983,
2. Ватюлина Н. Прогулка по Третьяковской галерее. – М.: Советский художник, 1976.
2. Тихонов Л.П. Музеи Ленинграда. –Л.: Лениздат, 1989.
3. Левинсон-Лессинг В.Ф. История картинной галереи Эрмитажа (1764-1917). – Л.: Искусство, 1985.
4. Грицак Е.Н. Эрмитаж - М.: Вече, 2005.

5. Койманс Л. [Художник смерти. Анатомические уроки Фредерика Рюйша](#)/De doodskunstenaar. De anatomische lessen van Frederik Ruysch. - СПб.: Наука, 2008. - 448 с.